

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын  
және қаржы ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау жөніндегі Агенттігімен

2011 жылдың 09 тамызында

**Келісілді**

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын  
және қаржы ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау Агенттігі Төрағасының  
орынбасары

Қ.Б.ҚОЖАХМЕТОВ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2011 жылдың 31 наурызындағы  
№ 07 отырыс хаттамасы)

**бекітілді**

2011 жылдың 23 тамызынан бастап

**Қолданысқа енгізілді**

## Бағалы қағаздарды бағалау ӘДІСТЕМЕСІ

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2011 жылдың 02 желтоқсанында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2011 жылдың 27 қазанындағы отырысының № 28 хаттамасы) бекітілді;
- 2012 жылдың 01 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді

### 2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылдың 02 қарашасында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі отырысының № 19 хаттамасы) бекітілді);
- 2012 жылдың 19 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 3. № 3 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2013 жылдың 01 ақпанында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2012 жылдың 29 қарашасындағы отырысының № 19 хаттамасы) бекітілді);
- 2013 жылдың 01 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді

### 4. № 4 толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2013 жылдың 27 тамызында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2012 жылдың 31 шілдесіндегі отырысының № 19 хаттамасы) бекітілді);
- 2013 жылдың 06 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді

### 5. № 5 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2014 жылдың 18 маусымында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 13 мамырындағы отырысының № 18 хаттамасы) бекітілді);
- 2014 жылдың 23 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді

Осы Әдістеме:

- 1) "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) сауда-саттық жүйесінде репо операцияларын "автоматты" әдіспен жүзеге асырғандағы репо операциялары затының санын, ашылу мәмілесінің нақты сомасын, жабылу бағасын және репо операциясының жабылу мәмілесінің сомасын анықтау үшін;
- 2) репо операциясын "тікелей" әдіспен жүзеге асырғандағы репо операциясының ашылу бағасын есептеу, репо операциясы затының ағымдағы нарықтық құнын есептеу, өтемақылық төлем жетіспеушілігін, өтемақылық төлемнің сомасын және репо операциясының мерзімнен бұрын орындалғандағы жабылу мәмілесінің сомасын есептеу үшін;
- 3) Биржа өткізетін сауда-сатыққа қатысушыларының Биржа алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында бағалы қағаздарды Биржа пайдасына оқшаулағанда;
- 4) Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген өзге де мақсаттарда бағалы қағаздарды бағалау тәртібін белгілейді.

### 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Осы Әдістемеді репо операцияларын жүзеге асыру Ережелерінде, Облигациялардың кірістілігін және облигациялармен жасалатын мәмілелер сомаларын есептеу Әдістемесінде, сондай-ақ, Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген ұғымдар қолданылған.
2. Осы Әдістемеді қолданылатын ұғымдар:
  - 1) **"МБК"** – мемлекеттік бағалы қағаздар (мемлекеттік бағалы қағаз);
  - 2) **"бірінші (немесе екінші, немесе үшінші класстағы) өтімді акциялар"** – бағалау датасына, Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы № 341 шешімімен бекітілген, Бағалы қағаздардың өтімділік көрсеткішін анықтау Әдістемесіне сәйкес құрастырылған, бірінші (немесе екінші, немесе үшінші) класстағы өтімді акциялар тізіміне енгізілген акциялар (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген*);
  - 3) **"АЕК"** – Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес зейнетақылар, жәрдемақылар және өзге де әлеуметтік төлемдерді, сондай-ақ айыппұл ықпалшараларын қолдану үшін және басқа да төлемдерді есептеуге арналған, айлық есептік көрсеткіш, оның мәні тиісті жылдарға республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді;
  - 4) **"ХҚҰ"** – халықаралық қаржы ұйымы (халықаралық қаржы ұйымдары);
  - 5) (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен алып тасталған*);
  - 6) **"жұмыс күн"** – Қазақстан Республикасындағы жұмыс күн;
  - 7) **"нәтижелі күн"** – Биржаның сауда-саттық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталарын орналастыру шегінде, бағалы қағаздардың белгілі бір тобына (қосалқы тобына) енгізілген бағалы қағаздардың қандай да бір атаудағы бағалы қағазбен кемінде бір орындалған мәміле тіркелген, Қазақстан Республикасындағы жұмыс күн (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2013 жылдың 31 шілдесіндегі шешімімен толықтырылған*);
  - 8) **"Уәкілетті орган"** – бағалы қағаздар нарығын реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын, мемлекеттік орган.
3. Осы Әдістеменің мақсаттары үшін бағалы қағаздардың бағалауы деп олардың бастапқы бағалауын да, болашақтағы қайта бағалауын да түсіну керек. Бағалы қағаздың бағалау нәтижесі, осы Әдістеменің 2 және 3 немесе 4 тарауларына сәйкес анықталған, нарықтық бағасы болып табылады.

4. Осы Әдістемеге сәйкес нарықтық бағаны анықтау үшін:
  - 1) Биржаның сауда-саттық жүйесінде ашық сауда-саттық әдісінен өзге мәміле жасасу әдісімен жасалған мәмілелердің параметрлері;
  - 2) Биржаның сауда-саттық жүйесінде ашық сауда-саттық әдісінен өзге мәміле жасасу әдісімен жасасуға берілген өтінімдердің параметрлері;
  - 3) арнайы мамандандырылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер беру уақыты аяқталған сәтте Биржаның сауда-саттық жүйесінде Биржаның кемінде он мүшесінен белсенді өтінімдері тіркелген жағдайлардан басқа, Биржаның сауда-саттық жүйесіне Биржа өткізетін арнайы мамандандырылған сауда-саттық шегінде берілген өтінімдердің параметрлері, және осы өтінімдер негізінде жасалған мәмілелердің параметрлері (осы тармақшаның күші Қазақстан Республикасының МБҚ тарамайды) қолданылмайды.
5. Осы Әдістеменің 1) және 3) тармақшалардың кіріспе сөзбасында аталған мақсаттардан басқа, бағалы қағаздардың нарықтық бағалары осы Әдістеменің 29 және 39 тармақтарына сәйкес дисконтталуы тиіс.
6. Бағалы қағаздың бағалауы, осындай бағалауға қажетті мәліметтердің жеткіліксіздігі немесе болмауы жағдайында (мысалы, осы бағалы қағаздың бағалауы жүзеге асырылуы тиіс мәмілелер немесе өтінімдер параметрлерінің болмауы, немесе осындай мәмілелер мен өтінімдердің жеткіліксіздігі), жасалмайды.
7. Акциялар Биржадағы баға белгілеу валютасында бағаланады.  
МБҚ олардың атаулы құнынан пайызбен бағаланады.  
Беймемлекеттік облигациялар олардың атаулы құнынан пайызбен (егер олар Биржада атаулы құнынан пайызбен бағаланса) немесе Биржадағы баға белгілеу валютасында (егер олардың бағасы Биржадағы баға белгілеу валютасында белгіленсе) бағаланады.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

8. Акциялардың бағалауы аптасына бір рет, осы күнтізбелік аптаның бірінші жұмыс күнінде, осы күннің Алматы уақытымен сағат 9.00-ге жағдайы бойынша жүзеге асырылады. Бағалау нәтижесінде анықталған акциялардың нарықтық бағалары осы күнтізбелік апта бойына қолданымда болады.  
  
Биржаның сауда-саттық жүйесінде саудалау тәртібі "таза" (жинақталған, бірақ төленбеген купондық сыйақысын есептеген) бағамен белгіленген, Қазақстан Республикасының МБҚ бағалауы, сондай-ақ өзге де борыштық бағалы қағаздарды, соның ішінде дисконттық борыштық бағалы қағаздарды бағалау осы күні Алматы уақытымен 09.00-де жүзеге асырылады. Бағалау нәтижесінде анықталған нарықтық бағалар келесі жұмыс күннің басына дейін қолданыста болады.  
  
Биржаның сауда-саттық жүйесінде саудалау тәртібі "таза емес" (жинақталған, бірақ төленбеген купондық сыйақысын қосып есептеген) бағамен белгіленген, борыштық бағалы қағаздардың (Қазақстан Республикасының МБҚ басқа) бағалауы аптасына бір рет, осы күнтізбелік аптаның бірінші жұмыс күнінде Алматы уақытымен 09.00-де жүзеге асырылады. Бағалау нәтижесінде анықталған нарықтық бағалар келесі жұмыс күннің басына дейін қолданыста болады.
9. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздың бағалауын жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді Биржаға бөтен ұйым беретін жағдайда, Биржа осындай мәліметтердің растығына жауап бермейді.
10. Осы Әдістемеге сәйкес Биржа анықтаған, бағалы қағаздардың нарықтық бағалары, Биржаның Интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) аптасына бір рет әр күнтізбелік аптаның бірінші жұмыс күнінде жарияланады.  
  
Осы тармақтың бірінші абзацында анықталғаннан басқа, Биржаның Интернет-сайтында Уәкілетті органның бағалы қағаздардың нарықтық бағалары туралы және/немесе бағалы қағаздардың нарықтық бағалауына қажетті мәліметтері жарияланады. Айтылмыш мәліметтерді Уәкілетті орган Биржаның сайтында өздігінен жариялайды. Айтылмыш

мәліметтердің растығына және олардың уақытылы жариялануына Биржа жауап бермейді.

## 2 тарау. МБҚ ЖӘНЕ ХҚҰ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫН БАҒАЛАУ

11. Қазақстан Республикасының МБҚ бағалау мақсатында мынадай топтарға бөлінеді:
- 1) бірінші топ – Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздары;
  - 2) екінші топ – қазақстандық теңгемен деноминацияланған, купонның мөлшерлемесі тиянақталған, Қазақстан Республикасының индектелінбеген МБҚ (мысалы, МЕОКАМ, МЕУКАМ); қазақстандық теңгемен деноминацияланған, Қазақстан Республикасының индекстелінбеген дисконттық МБҚ (мысалы, МЕККАМ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары);
  - 3) үшінші топ – қазақстандық теңгемен деноминацияланған, купон мөлшерлемесі қазақстандағы инфляция деңгейімен индекстелінген, Қазақстан Республикасының МБҚ (мысалы, МУИКАМ, МОИКАМ, МЕУЖКАМ);
  - 4) төртінші топ – шетел валютасымен деноминацияланған, Қазақстан Республикасының МБҚ, қазақстандық теңгемен деноминацияланған, қандай да бір шетел валютасына теңге бағамының өзгеру деңгейімен индекстелінген, Қазақстан Республикасының МБҚ (мысалы, МОИКАМ);
  - 5) бесінші топ – Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының бағалы қағаздары.
12. Қазақстан Республикасының дисконттық МБҚ арасынан қандай да бір атаудағы МБҚ нарықтық бағасы күнде, осы жұмыс күннің Алматы уақытымен 09.00-ге жағдайы бойынша, келесі формуламен есептеледі:

$$V = \frac{T \times 100}{t \times \frac{Y}{100} + T}, \text{ мұнда}$$

- $V$  – бағалы қағаздың атаулы құнына қатынасты пайызбен көрсетілген нарықтық бағасы;
- $T$  – осы атаулы бағалы қағаз үшін белгіленген, есептік жылдың күнмен көрсетілген ұзақтылығы;
- $t$  – бағалы қағазды бағалау датасынан бастап оның өтелу датасына (айналыста болу мерзімінің аяқталуына) дейін күндер саны;
- $Y$  – осы Әдістеменің 14-26 тармақтарына сәйкес анықталған, осы атаудағы бағалы қағаздың кірістілігі жылдық пайызбен.

13. Қазақстан Республикасының купондық МБҚ арасынан қандай да бір атаудағы МБҚ нарықтық бағасы күнде, осы жұмыс күннің Алматы уақытымен 09.00-ге жағдайы бойынша, келесі формуламен есептеледі:

$$P = \sum_i^n \frac{\frac{K}{m}}{\left(1 + \frac{Y}{100m}\right)^{\frac{mT_{ki}}{T_0}}} + \frac{100}{\left(1 + \frac{Y}{100m}\right)^{\frac{mT_n}{T_0}}}, \text{ мұнда}$$

- $P$  – бағалы қағаздың атаулы құнына қатынасты пайызмен көрсетілген нарықтық құны;
- $i$  – ағымдағы купондық кезеңнен бастап, осы атаудағы бағалы қағаз бойынша купондық кезеңнің реттік нөмірі;
- $n$  – осы атаудағы бағалы қағаздың айналыста болу мерзімінің купондық кезеңдерінің саны;

- Y – осы Әдістеменің 14-26 тармақтарына сәйкес анықталған, осы атаудағы бағалы қағаздың кірістілігі жылдық пайызбен;
- m – осы атаудағы бағалы қағаз үшін белгіленген есептік жылдың күнмен ұзақтылығының купондық кезеңнің күнмен ұзақтылығына қатынасы ретінде есептелетін, базистік коэффициент;
- T<sub>ki</sub> – осы атаудағы бағалы қағаздың бағалау датасы мен осы бағалы қағаз бойынша кезекті купонды төлеу датасы арасындағы күндер саны;
- K – осы атаудағы бағалы қағаз бойынша ағымдағы купондық кезеңге купонның жылдық пайызбен мөлшерлемесі;
- T<sub>0</sub> – есептік жылдың күнмен ұзақтылығы;
- T<sub>n</sub> – осы атаудағы бағалы қағаздың бағалау датасы мен оның өтелу датасына (айналыста болу мерзімі аяқталғанға) дейін күндер саны.

Бұл ретте, егер осы атаудағы бағалы қағаз бойынша купон, "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын, репо операциясының мерзімі аралығында төленсе, және осы репо операциясының заты осы атаудағы бағалы қағаздар болып табылса, онда купон көлемі осы атаудағы бағалы қағаздың нарықтық бағасын есептегенде есепке алынбайды.

14. Бірінші топқа кіретін, Қазақстан Республикасының МБҚ арасынан қандай да бір атаудағы бағалы қағаздың кірістілігі ретінде, оның осы тараудың 13 тармағында берілген формулада қолданылуы үшін, аталмыш атаудағы бағалы қағаздың кірістілігі қолданылады; бұл көрсеткіш, Bloomberg агенттігінің ақпараттық жүйесінің мәліметтеріне сәйкес, осы бағалау жүзеге асырылған кірістілік мәнінің сатып алуға және сатуға ең үздік баға белгілеулер бойынша өтеуіне қатынасы мәндерінің орта арифметикалық саны ретінде есептеледі немесе (талап етілетін баға белгілеулер болмаған жағдайда) осы тараудың 15 тармағына сәйкес есептеледі. Осылайша анықталған облигация кірістілігінің мәні, алдыңғы сөйлемде аталған апта бойы, осы облигацияның нарықтық бағасын күнделікті есептеуге пайдаланылады.
15. Bloomberg агенттігінің ақпараттық жүйесінде Алматы уақытымен 09.00 жағдайы бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінде, бірінші топқа кіретін МБҚ атаулары арасынан қандай да бір бағалы қағазды сатып алуға және сатуға баға белгілеулер болмаса, облигацияның кірістілігін осы тараудың 13 тармағында берілген формулада қолдану үшін, келесідей амалмен анықталатын, осы атаудағы бағалы қағаз кірістілігінің орта арифметикалық мәні қолданылады:
- 1) аталмыш күннің алдында Биржаның сауда-саттық жүйесінде соңғы отыз күн бойы тіркелген, осы атаудағы бағалы қағаздарды сатып алуға барлық өтімдерден әр бір күндегі осы атаудағы бағалы қағаз кірістілігі ең төмен болған өтінімі іріктеледі;
  - 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес іріктелген, өтімдер бойынша кірістілік мәндерінің негізінде осы атаудағы бағалы қағаз кірістілігі мәнінің орта арифметикалық көрсеткіші анықталады.
16. Екінші топқа кіретін, Қазақстан Республикасы МБҚ арасынан қандай да бір атаудағы бағалы қағаз кірістілігі ретінде, осы тараудың 12 немесе 13 тармағында берілген (облигация түріне қарай) формулада қолдану үшін, осы атаудағы бағалы қағаздың, осы тараудың 17-23 тармақтарына сәйкес алынған, кірістілік қисығының функциясы бойынша интерполяциялау арқылы анықталған кірістілігі қолданылады.
17. Осы тараудың 16 тармағында аталған, кірістілік қисығының функциясын анықтау мақсатында, екінші топқа енгізілген, барлық Қазақстан Республикасы МБҚ, Сараптау комитетінің шешімімен, әр бағалы қағаздың өтелуіне (айналыста болу мерзімі аяқталуына) дейінгі мерзіміне қарай, қосалқы топтарға бөлінеді. Бұл ретте, кірістілігінің өтелуіне тәуелділігі өтелуге дейінгі күндер санына байланысты бағалы қағаздар бір топқа енгізіліп, осы кірістілігінің тәуелділігі полиномиалды тренд<sup>1</sup> бір теңдеуімен дәл сипатталуы мүмкін.

<sup>1</sup> Полиномиалды тренд теңдеуі туралы нақтырақ осы тараудың 19 тармағында айтылған.

Сараптық комитеттің айтылмыш шешімімен белгіленеді: топтар саны, әр топтың күнмен белгіленген жоғарғы және төменгі шегінің мәні; әр топтың кірістілік қисығын құрастыруда қолданылатын, полиномиалды тренд теңдеуінің түрі (дәрежесі). Бұл ретте аталмыш қосалқы топтардың саны екеуден кем болмауы тиіс, қосалқы топтардың шекаралары алдыңғы қосалқы топтың жоғарғы шегінің мәні келесі қосалқы топтың төменгі шегінің мәнінен 50 күннен кем болмауы тиіс.

Екінші топқа енгізілген Қазақстан Республикасы МБҚ қосалқы топтарға бөлу туралы Сараптық комитеттің шешімі тоқсанда бір рет, әр келесі күнтізбелік тоқсанға дейін бес жұмыс күн бұрын, Биржаның Ақпарат және талдау департаменті дайындаған мынадай мәліметтері негізінде, қабылданады:

- 1) екінші топқа енгізілген Қазақстан Республикасы МБҚ-мен Биржаның сауда-саттық жүйесінде Сараптық комитет шешім қабылдаған датаға дейін кемінде үш ай бойы жасалған мәмілелер туралы мәліметтер;
- 2) екінші топқа енгізілген Қазақстан Республикасы МБҚ Сараптық комитет шешім қабылдаған датаға дейін кемінде үш ай бойы орналастырылуы (қосымша орналастырылуы) туралы ақпараттар;
- 3) екінші топқа енгізілген Қазақстан Республикасы МБҚ, Сараптық комитет шешім қабылдағанға дейін кемінде үш ай бойы Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәміле бойынша сатып алушылар үшін, өтелуіне кірстілігі (кірістілік қисығы) туралы агрегацияланған ақпараттар;
- 4) Сараптық комитет пікірі бойынша оның шешіміне ықпал ете алатын өзге ақпараттар.

МБҚ нарығының конъюнктурасы айтарлықтай өзгергенде және/немесе екінші топтағы Қазақстан Республикасы МБҚ құрамы елеулі өзгергенде, сондай-ақ, екінші топқа енгізілген Қазақстан Республикасы МБҚ нарықтық бағаларын есептеу жаңылыстарына әкеп сағуы мүмкін, кез келген жағдайларда, Сараптық комитет күнтізбелік тоқсан аяғына дейін қосалқы топтардың және/немесе олардың параметрлерінің – шектерінің мәндері, түрі және полиномиалды тренд теңдеуінің дәрежесін қайта қарастыруға құқылы. Осындай қайта қарастыру екінші топтағы МБҚ жаңа саны және/немесе жаңа параметрлері қолданылып бағалауы жүзеге асырылатын, күнтізбелік аптаның бірінші күнінің алдынан кешіктірмей орындалуы тиіс.

18. Осы тараудың 17 тармағына сәйкес саны мен параметрлері белгіленген, қосалқы топтардың әрқайсысына арналған полиномиалды тренд теңдеуі, бағалау жасалатын датаның алдындағы кезең барысында, оның ұзақтылығы осы тараудың 20 және 20-1 тармақтарында белгіленген (бұдан әрі - Базалық кезең) уақыт аралығында осы қосалқы топтың МБҚ-мен Биржада жасалып, орындалған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталарын орналастыру шегінде жасалған, мәмілелер параметрлерінің аппроксимациясы арқылы анықталады. Бұл ретте, осы атаудағы бағалы қағаздармен жасалатын әр мәміленің аппроксимацияланатын параметрлері ретінде *(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген және Биржалық кеңестің 2013 жылдың 31 шілдесіндегі шешімімен толықтырылған)*:

- 1) осы мәмілеге сәйкес сатып алушыға осы атаудағы бағалы қағаздың өтелуіне кірістілігі (жылдық пайызбен);
- 2) осы атаудағы бағалы қағазбен жасалған мәміле датасы мен оның өтелуі (айналыста болу мерзімі аяқталу) датасына дейінгі күндер саны қолданылады.

Мәмілелер параметрлерінің аппроксимациясы кірстіліктің есептік көрсеткіштерінің нақты көрсеткіштерден ауытқуының квадраттық сомалардың ең кіші көрсеткіштерін табу әдісімен жүзеге асырылады.

19. Полиномиалды тренда теңдеуінің түрі мынадай болуы мүмкін<sup>2</sup> (теңдеу дәрежесіне қарай үш теңдеудің бірі):

<sup>2</sup> Екінші топтағы МБҚ бағалау мақсатында тек осы тармақта аталған полиномиалды тренд теңдеулері ғана қолданылады. Төртінші және одан жоғары дәрежедегі теңдеулерді қолдану осы Әдістемеде қарастырылмаған.

$$Y = aT_n^3 + bT_n^2 + cT_n + d \text{ (кубтық теңдеу),}$$

немесе

$$Y = aT_n^2 + bT_n + c \text{ (квадраттық теңдеу),}$$

немесе

$$Y = aT_n + b \text{ (линиялық теңдеу), мұнда}$$

$Y$  – бағалы қағаздың кірістілігі, жылдық пайызбен;

$a, b, c, d$  – теңдеу коэффициенттері;

$T_n$  – осы атаудағы бағалы қағазды бағалау датасы мен оның өтелуі (айналыста болу мерзімі аяқталу) датасы арасындағы күндер саны.

20. Базалық кезеңнің ұзақтылығын Индекстер және бағалы қағаздарды бағалау комитеті (бұдан әрі - Комитет) кемінде күнтізбелік тоқсан сайын, келесідей шарттарға сәйкес келетін, минималды мүмкін болатын кезең ұзақтылығы ретінде белгіленеді:

- 1) Базалық кезеңнің ұзақтылығы кемінде 60 және ең көбі 360 күнтізбелік күнді құрауы тиіс және 30 күнтізбелік күнге еселі болуы тиіс *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 13 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 2) Базалық кезең, екінші топқа кіретін МБҚ үшін нәтижелі болған кемінде 25 күнді қамтуы тиіс;
- 3) кезекті қайта бағалауға байланысты туындаған, екінші топтағы МБҚ кірістілігінің өзгеруі минималды мүмкін болып, осы МБҚ нарығының ағымдағы конъюктурасының өзгеруін максималды көрсетуі тиіс.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

20-1. Базалық кезеңнің ұзақтылығын, Ақпарат және талдау департаментінің дайындаған қайталама биржалық нарықтағы екінші топтағы МБҚ-мен жасалған мәмілелер санының динамикасы туралы мәліметтерді, МБҚ бастапқы нарықтағы белсенділік деңгейі туралы мәліметтерді, МБҚ нарығындағы ағымдағы кірістілік деңгейі туралы ақпараттар және, ұзақтылығы әртүрлі Базалық кезеңдерді қолданумен осы Әдістеменің 18 және 19 тармақтарына сәйкес есептелетін, екінші топтағы МБҚ кірістілігі мәндернің болжамды құбылулары туралы ақпараттар туралы материалдары негізінде Комитет белгілейді.

Қандай да бір оқиға салдарынан, қолданыстағы Базалық кезең осы Әдістеменің 20 тармағында белгіленген шарттарға сәйкес болмауы жағдайында, Комитет Базалық кеңізеңнің ұзақтылығын қайта қарастыруға құқылы.

Комитеттің Базалық кезеңнің ұзақтылығына қатынасты шешімі Биржа сайтында, осындай шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей жариялануы тиіс.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген).*

21. Егер қандай да бір қосалқы топ үшін 18-20 тармақтарға сәйкес анықталған кірістілік функциясы детерминация коэффициенті<sup>3</sup> мәні кубтық теңдеу үшін 0,6-дан кем болып сипатталса, онда параметрлері бойынша аппроксимация жасалатын мәмілелер массивінен осы трендтен ең үлкен ауытқуы бар мәмілелер, детерминация коэффициенті  $R^2$  0,6-ға тең немесе одан асқарға дейін, ретімен алып тасталып отырады. Линиялық және квадраттық теңдеу үшін детерминация коэффициентінің шекті мәні белгіленбейді.

<sup>3</sup>  $R^2$  детерминация коэффициенті математикалық статистикада қолданылады. Ол аппроксимацияның сапасын сипаттап, нөлден (ең төменгі сапа) бірге дейін (ең жоғарғы сапа) шегінде өзгереді.



22. Осы тараудың 18-21 тармақтарына сәйкес әр қосалқы топқа анықталған, кірістілік қисығының функциясы қабаттасу аймақтарында қосарланады. Қабаттасу аймағы мынадай шартпен сипатталады:

$$T \in [D_{n+1}, U_n], \text{ мұнда}$$

$T$  –  $T_i$  (өтелуіне дейін күндер саны) қабаттасу аймақтарындағы мәндер жиыны;

$D_{n+1}$  –  $n+1$  қосалқы тобының төменгі шекарасы, күнмен;

$U_n$  –  $n$ -лік қосалқы тобының жоғарғы шекарасы, күнмен.

Қабаттасу аймағындағы қосарлану мынадай формуламен жүзеге асырылады:

$$Y_i = \bar{Y}_i \left( \frac{U_n - T_i}{U_n - D_{n+1}} \right) + \overline{\bar{Y}}_i \left( \frac{T_i - D_{n+1}}{U_n - D_{n+1}} \right), \text{ мұнда}$$

$Y_i$  – қабаттасу аймақтарындағы кірістіліктің орташаланған мәндері жылдық пайызбен;

$T_i$  – қабаттасу аймақтарында өтуге дейінгі күндер санының мәні;

$\bar{Y}_i$  –  $n$ -лік қосалқы тобының қабаттасу аймағындағы кірістілік қисығының мәні жылдық пайызбен;

$\overline{\bar{Y}}_i$  –  $n+1$  қосалқы тобының қабаттасу аймағындағы кірістілік қисығының мәні жылдық пайызбен;

$D_{n+1}$  –  $n+1$  қосалқы тобының төменгі шекарасы күнмен;

$U_n$  –  $n$ -лік қосалқы тобының жоғарғы шекарасы күнмен.

23. Осы тараудың 17-22 тармақтарына сәйкес алынған кірістілік қисығының қорытқы функциясы, осы тараудың 16 тармағына сәйкес, екінші топқа кіретін, Қазақстан Республикасы МБҚ арасынан қандай да бір атаудағы бағалы қағаздың кірістілігін анықтау үшін қолданылады.

24. Үшінші топқа кіретін Қазақстан Республикасы МБҚ арасынан қандай да бір атаудағы бағалы қағаздың кірістілігі ретінде, оның осы тараудың 13 тармағында берілген формулада қолданылуы үшін, осы атаудағы бағалы қағаздың осы атаудағы МБҚ орналастырылған кезде анықталған жылдық купонның тиянақталған мөлшерлемесінің сомасы ретінде есептелінген кірістілігі және, Биржаға тұтынушылық бағалар индексінің мәні мәлім, соңғы өткен 12 айдағы инфляция индексі қолданылады. Бұл ретте инфляция индексі есептеу, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 03 сәуіріндегі № 466 Қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді шығару, орналастыру, айналыста болу, қызмет көрсету және өтеу Ережелерінің 79 тармағында белгіленген тәртіпке ұқсас тәртіпте жүзеге асырылады.

Үшінші топқа кіретін Қазақстан Республикасы МБҚ арасынан қандай да бір атаудағы бағалы қағаз бойынша ағымдағы купондық кезеңге купон мөлшерлемесі ретінде аталмыш формулада осы атаудағы бағалы қағаздың, кірістілікті есептеу үшін алдыңғы абзацта белгіленген тәртіпке ұқсас тәртіпте есептелінген, болжамды купон мөлшерлемесі қолданылады.

25. Төртінші топқа кіретін Қазақстан Республикасы МБҚ арасынан қандай да бір атаудағы бағалы қағаздың кірістілігі ретінде, осы тараудың 13 тармағында берілген формулада оны қолдану үшін, осы атаудағы бағалы қағаздың, келесідей амалмен анықталған, кірістілігі қолданылады (осы тараудың 26 тармағында белгіленгеннен басқа):

- 1) бағалау жасалатын аптаның бірінші жұмыс күні алдындағы МБҚ осы тобына нәтижелі болған он бес күннің әрқайсысына, осы қосалқы топтың МБҚ облигацияларымен жасалған және орындалған барлық мәмілелердің параметрлеріне шыға отырып, осы облигациялардың өтелуіне кірістілігінің орташа сараланған мәні есептелінеді (бұл жағдайда орташа саралау аталмыш мәмілелердің көлемі бойынша жүзеге асырылады);

- 2) облигациялардың, осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес есептелінген, өтелуіне кірістілігінің орташа сараланған мәндерінен кірістіліктің орта арифметикалық мәні табылады.
26. Егер бағалау датасының алдындағы 90 күнтізбелік күн бойы төртінші топтағы МБҚ бойынша нәтижелі күндер саны он бестен кем болса, төртінші топтағы МБҚ арасынан қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың кірістілігі ретінде, оның осы тараудың 13 тармағында берілген формулада қолданылуы үшін, осы атаудағы бағалы қағаздың ағымдағы купондық кезеңдегі купон мөлшерлемесі қолданылады.
27. Бесінші топқа кіретін және "таза" бағамен саудаланатын, Қазақстан Республикасы МБҚ арасынан қандай да бір атаудағы бағалы қағаздың нарықтық бағасы, осы Әдістеменің 34 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп, осы Әдістеменің 33 тармағында белгіленген тәртіпке ұқсас тәртіпте есептеледі.
- Бесінші топқа кіретін және "таза" бағамен саудаланатын, Қазақстан Республикасы МБҚ арасынан қандай да бір атаудағы бағалы қағаздың нарықтық бағасы, осы Әдістеменің 35 тармағында берілген тәртіпке ұқсас тәртіпте есептеледі.
28. Биржаның тізімдерінде тұрған және Биржада "таза" бағамен саудаланатын, шетел МБҚ немесе ХҚҰ бағалы қағаздары арасындағы қандай да бір атаудағы бағалы қағаздың нарықтық бағасы осы Әдістеменің 36 тармағында берілген тәртіпке ұқсас тәртіпте есептеледі.
- Биржаның тізімдерінде тұрған және Биржада "таза емес" бағамен саудаланатын, шетел МБҚ немесе ХҚҰ бағалы қағаздары арасындағы қандай да бір атаудағы бағалы қағаздың нарықтық бағасы осы Әдістеменің 37 тармағында берілген тәртіпке ұқсас тәртіпте есептеледі.
29. Осы Әдістеме кіріспе сөзбасының 1) және 3) тармақшаларында аталған мақсаттар үшін, МБҚ және ХҚҰ бағалы қағаздарының, осы Әдістеменің 12-28 тармақтарына сәйкес анықталған, нарықтық бағасы тұрпатына қарай дисконтталады:
- 1) Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздары – 5 %-ға;
  - 2) бағалау датасынан өтелу датасына дейін 360 күннен аса уақыт қалған, купон мөлшерлемесі тиянақталған теңгемен деноминацияланған Қазақстан Республикасы МБҚ және теңгемен деноминацияланған Қазақстан Республикасы дисконтты МБҚ, – 5 %-ға;
  - 3) бағалау датасынан өтелу датасына дейін 360 күннен аса уақыт қалған, купон мөлшерлемесі тиянақталған теңгемен деноминацияланған Қазақстан Республикасы МБҚ және теңгемен деноминацияланған Қазақстан Республикасы дисконттық МБҚ, – 10 %-ға;
  - 4) бағалау датасынан өтелу датасына дейін 360 күннен аса уақыт қалған, шетел валютасында деноминацияланған Қазақстан Республикасы МБҚ және, қандай да бір шетел валютасына теңге бағамының өзгеру деңгейі бойынша индекстелінген, теңгемен деноминацияланған Қазақстан Республикасы МБҚ, – 10 %-ға;
  - 5) бағалау датасынан өтелу датасына дейін 360 күннен аса уақыт қалған, шетел валютасымен деноминацияланған Қазақстан Республикасы МБҚ және, қандай да бір шетел валютасына теңге бағамының өзгеру деңгейі бойынша индекстелінген, теңгемен деноминацияланған Қазақстан Республикасы МБҚ, – 15 %-ға;
  - 6) бағалау датасынан өтелу датасына дейін 360 күннен аса уақыт қалған, купон мөлшерлемесі инфляция деңгейімен индекстелінген, теңгемен деноминацияланған Қазақстан Республикасы МБҚ, – 10 %-ға;
  - 7) бағалау датасынан өтелу датасына дейін 360 күннен аса уақыт қалған, купон мөлшерлемесі инфляция деңгейімен индекстелінген, теңгемен деноминацияланған Қазақстан Республикасы МБҚ, – 15 %-ға;
  - 8) ХҚҰ бағалы қағаздар – 10 %-ға;

- 9) эмитент-елдің рейтингі, Standard&Poor's агенттігінің шкаласымен "AA-" төмен емес және/немесе Fitch немесе Moody's агенттіктердің осыған ұқсас рейтингтерінен төмен емес,<sup>4</sup> шетел МБҚ, – 10 %-ға;
- 10) эмитент-елдің рейтингі, Standard&Poor's агенттігінің шкаласымен "BBB-" төмен емес және/немесе Fitch немесе Moody's агенттіктердің осыған ұқсас деңгейінен төмен емес,<sup>5</sup> шетел МБҚ, – 20 %-ға;
- 11) эмитент-елдің рейтингі, Standard&Poor's агенттігінің шкаласымен "B-" төмен емес және/немесе Fitch немесе Moody's агенттіктердің осыған ұқсас деңгейінен төмен емес,<sup>6</sup> шетел МБҚ, – 30 %-ға.

### 3 тарау. БЕЙМЕМЛЕКЕТТІК ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ БАҒАЛАУ

30. Бірінші класстағы өтімді акциялардың нарықтық бағасы аптасына бір рет, осы аптаның бірінші жұмыс күніндегі Алматы уақытымен 09.00-ге жағдайы бойынша, бағалау датасы алдындағы Биржаның сауда-саттық жүйесінде осы атаудағы акциялармен жасалып, орындалған мәмілелерді соңғы бес мәміленің орташа сараланған бағасы ретінде есептелінеді. Бұл ретте орташа саралау аталған мәмілелердің көлемі бойынша жүзеге асырылады (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген*).
31. Екінші немесе үшінші класстағы өтімді акциялар тізімінде тұрған қандай да бір атаудағы акциялардың нарықтық бағасы аптасына бір рет, осы аптаның бірінші жұмыс күніндегі Алматы уақытымен 09.00-ге жағдайы бойынша, осы атаудағы акцияларды сатып алуға өтінімдердің ең жоғарғы бағаларының орта арифметикалық мәні ретінде есептелінеді, осы өтінімдердің әрқайсысы (*осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген*):
  - 1) бағалау датасы алдындағы соңғы бес жұмыс күн бойы, Биржа үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізген сауда-саттық барысында берілген;
  - 2) көлемі АЕК 3 000-еселі көлемімен сипатталған;
  - 3) 30 минут бойы белсенді болып табылды, немесе соның негізінде АЕК 2 000-еселі көлемінен кем емес көлемде мәміле (сомалық көлемінде мәмілелер) жасалды (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен өзгертілген*).
32. Биржаның тізімінде жоқ қандай да бір атаудағы акциялардың нарықтық бағасы аптасына бір рет, осы аптаның бірінші жұмыс күніндегі Алматы уақытымен 09.00-ге жағдайы бойынша, Bloomberg агенттігінің ақпараттық жүйесінің мәліметтері бойынша, осы атаудағы акциялармен, бағалау датасы алдындағы күнтізбелік аптада жасалған, соңғы мәміленің бағасы ретінде анықталады.
33. Биржаның тізімінде тұрған және Биржада "таза" бағамен саудаланатын, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шығарылған, облигациялар атауынан қандай да бір атаудағы акциялардың нарықтық бағасы аптасына бір рет, осы аптаның бірінші жұмыс күніндегі Алматы уақытымен 09.00-ге жағдайы бойынша, бағалау датасына осы облигациялар бойынша жинақталған, бірақ төленбеген купондық сыйақысының (осы тараудың 34 тармағында анықталған ерекшеліктерді ескеріп) және оның, осы аптаның бірінші жұмыс күніндегі Алматы уақытымен 09.00-ге жағдайы бойынша анықталған, "таза" бағасының сомасы ретінде келесідей есептелінеді:
  - 1) бағалау жүзеге асырылатын аптаның бірінші жұмыс күнінің алдындағы он жұмыс күннің әрқайсысына, осы атаудағы облигацияларды сатып алуға өтінімдер іріктеледі, олардың әрқайсысы:
    - үздіксіз қарсылама аукционы әдісімен Биржа өткізген сауда-саттық барысында берілген;

<sup>4</sup> Осы тармаққа сәйкес аталған рейтинглік агенттіктердің ең жоғарғы рейтингі ескеріледі.

<sup>5</sup> Осы тармаққа сәйкес аталған рейтинглік агенттіктердің ең жоғарғы рейтингі ескеріледі.

<sup>6</sup> Осы тармаққа сәйкес аталған рейтинглік агенттіктердің ең жоғарғы рейтингі ескеріледі.

- кемінде АЕК 1 000-еселі көлеммен сипатталған;
  - кемінде 30 минут уақыт қолданыста болып және/немесе оның негізінде кемінде АЕК 1 000-еселі көлемінде мәміле (сомалық көлемінде мәмілелер) жасалған;
- (осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен өзгертілді);*
- 2) бағалау жүзеге асырылатын аптаның бірінші жұмыс күні алдындағы соңғы он жұмыс күннің әрқайсысына, осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес іріктелген өтінімдер арасынан, бір-бірден өтінімдер іріктеледі, осы өтінім бойынша осы атаудағы облигацияның "таза" бағасы ең үлкен болып табылады;
  - 3) осы атаудағы облигацияның "таза" бағасы, осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес іріктелген өтінімдердің "таза" бағаларының орта арифметикалық мәні ретінде анықталады.
34. Дисконттық облигацияның немесе нөлдік купонды облигацияның нарықтық бағасын есептеу мақсатында, бағалау датасына осы атаудағы облигацияға жинақталған, бірақ төленбеген купондық сыйақысын нөлге тең деп алады.
35. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған, Биржа тізімінде тұрған және Биржада "таза емес" бағамен саудаланатын облигациялар арасынан қандай да бір атаудағы облигацияның нарықтық бағасы, аптасына бір рет, осы аптаның бірінші жұмыс күнінде Алматы уақытымен 09.00-ге жағдайы бойынша, келесідей есептеледі:
- 1) бағалау жүзеге асырылатын аптаның бірінші жұмыс күні алдындағы соңғы он жұмыс күннің әрқайсысына осы атаудағы облигацияны сатып алуға өтінімдер іріктеледі, олардың әрқайсысы:
    - Биржа үздіксіз қарсылама аукционы әдісімен өткізген сауда-саттық барысында берілген;
    - кемінде АЕК 1 000-еселі көлеммен сипатталған;
    - кемінде 30 минут уақыт қолданыста болып және/немесе оның негізінде кемінде АЕК 1 000-еселі көлемінде мәміле (сомалық көлемінде мәмілелер) жасалған;
- (осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен өзгертілді);*
- 2) бағалау жүзеге асырылатын аптаның бірінші жұмыс күні алдындағы соңғы он жұмыс күннің әрқайсысына, осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес іріктелген өтінімдер арасынан, бір-бірден өтінімдер іріктеледі, осы өтінім бойынша осы атаудағы облигацияның "таза емес" бағасы ең үлкен болып табылады;
  - 3) осы атаудағы облигацияның "таза емес" бағасы, осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес іріктелген өтінімдердің "таза емес" бағаларының орта арифметикалық мәні ретінде анықталады.
36. Биржаның тізімінде тұрған және Биржада "таза" бағамен саудаланатын, Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған (соның ішінде, жалғыз құрылтайшысы, қатысушысы, акционері) Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табыладтын, арнайы кәсіпорын шығарған) облигациялар атауынан қандай да бір атаудағы облигациялардың нарықтық бағасы аптасына бір рет, осы аптаның бірінші жұмыс күніндегі Алматы уақытымен 09.00-ге жағдайы бойынша, бағалау датасына осы облигациялар бойынша жинақталған, бірақ төленбеген купондық сыйақысының (осы тараудың 34 тармағында анықталған ерекшеліктерді ескеріп) және оның, осы аптаның бірінші жұмыс күніндегі Алматы уақытымен 09.00-ге жағдайы бойынша анықталған, "таза" бағасының сомасы ретінде келесідей есептеледі:
- 1) бағалау жүзеге асырылатын аптаның бірінші жұмыс күні алдындағы бес жұмыс күннің әрқайсысына, Bloomberg агенттігінің ақпараттық жүйесінде аталмыш күндердің аяқталу сәтінде тіркелген осы атаудағы облигацияларды сатып алу және сату бойынша ең үздік баға белгілеулердің "таза" бағаларының орта арифметикалық мәні есептеледі;

- 2) осы атаудағы облигацияның "таза" бағасы, осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған мәндердің орта арифметикалық мәні ретінде анықталады. Бұл ретте, егер Bloomberg агенттігінің апараттық жүйесінде осы атаудағы облигация бойынша, осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген, бағалар толығымен немесе жартылай жоқ болса, онда осы атаудағы облигацияның "таза" бағасы осы тараудың 33 тармағының 1) – 3) тармақшаларында белгіленген тәртіпке ұқсас тәртіпке сәйкес анықталады.
37. Биржаның тізімінде тұрған және Биржада "таза емес" бағамен саудаланатын, Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған (соның ішінде, жалғыз құрылтайшысы, қатысушысы, акционері) Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табылатын, арнайы кәсіпорын шығарған) облигациялар атауынан қандай да бір атаудағы облигациялардың нарықтық бағасы аптасына бір рет, осы аптаның бірінші жұмыс күніндегі Алматы уақытымен 09.00-ге жағдайы бойынша келесідей есептелінеді:
- 1) бағалау жүзеге асырылатын аптаның бірінші жұмыс күні алдындағы бес жұмыс күннің әрқайсысына, Bloomberg агенттігінің ақпараттық жүйесінде аталмыш күндердің аяқталу сәтінде тіркелген осы атаудағы облигацияларды сатып алу және сату бойынша ең үздік баға белгілеулердің "таза емес" бағаларының орта арифметикалық мәні есептелінеді;
  - 2) осы атаудағы облигацияның "таза емес" бағасы, осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған мәндердің орта арифметикалық мәні ретінде анықталады. Бұл ретте, егер Bloomberg агенттігінің ақпараттық жүйесінде осы атаудағы облигация бойынша, осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген, бағалар толығымен немесе жартылай жоқ болса, онда осы атаудағы облигацияның нарықтық бағасы осы тараудың 34 тармағында белгіленген тәртіпке ұқсас тәртіпке сәйкес анықталады;
38. Биржаның тізімінде жоқ, Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған (соның ішінде, жалғыз құрылтайшысы, қатысушысы, акционері) Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табылатын, арнайы кәсіпорын шығарған) облигациялар атауынан қандай да бір атаудағы облигациялардың нарықтық бағасы аптасына бір рет, осы аптаның бірінші жұмыс күніндегі Алматы уақытымен 09.00-ге жағдайы бойынша, Bloomberg агенттігінің ақпараттық жүйесінде алдыңғы жұмыс күні аяқталу сәтінде тіркелген, осы атаудағы облигацияларды сатып алу және сату бойынша ең үздік баға белгілеулерінің "таза емес" бағаларының (олар болмаған жағдайда "таза" бағаларының) орта арифметикалық мәні ретінде есептелінеді.
39. Осы Әдістеме кіріспе сөзбасының 1) және 3) тармақшаларында аталған мақсаттар үшін, МБҚ және ХҚҰ бағалы қағаздарының, осы Әдістеменің 30-38 тармақтарына сәйкес анықталған, нарықтық бағасы тұрпатына қарай дисконтталады:
- 1) акциялар – 30 %-ға;
  - 2) Биржаның ресми тізімінде "рейтингілік бағалауы бар борыштық бағалы қағаздар" санатында тұрған және Standard&Poor's және/немесе Fitch және/немесе "KZ-rating" Рейтингілік агенттігі" ЖШС агенттіктерінің шкалалары бойынша "BBB-" рейтингінен, немесе Moody's агенттігінің шкаласы бойынша "Baa3" рейтингінен, немесе "Алматы қаласы аймақтық қаржы орталығының Рейтингілік агенттігі" АҚ шкаласы бойынша "A+" рейтингінен, "Эксперт РА Қазақстан" Рейтингілік агенттігі" ЖШС шкаласы бойынша "A" рейтингінен төмен емес рейтингі<sup>7</sup> бар беймемлекеттік облигациялар – 10 %-ға;
  - 3) Биржаның ресми тізімінде "рейтингілік бағалауы бар борыштық бағалы қағаздар" санатында тұрған және Standard&Poor's және/немесе Fitch және/немесе "KZ-rating" Рейтингілік агенттігі" ЖШС агенттіктерінің шкалалары бойынша "BB-" рейтингінен, немесе Moody's агенттігінің шкаласы бойынша "Ba3" рейтингінен, немесе "Алматы қаласы аймақтық қаржы орталығының Рейтингілік агенттігі" АҚ шкаласы бойынша "BB3" рейтингінен, "Эксперт РА Қазақстан" Рейтингілік агенттігі" ЖШС шкаласы

<sup>7</sup> Осы тармаққа сәйкес аталған рейтингілік агенттіктердің ең жоғарғы рейтингі ескеріледі..

- бойынша "А" рейтингінен төмен емес рейтингі бар беймемлекеттік облигациялар – 20 %-ға
- 4) Биржаның ресми тізімінде "рейтингілік бағалауы бар борыштық бағалы қағаздар" санатында тұрған және осы тармақтың 3) тармақшасында берілген деңгейден төмен емес рейтингі бар, беймемлекеттік облигациялар, – 30 %-ға;
  - 5) Биржаның ресми тізімінде "рейтингілік бағалауы жоқ борыштық бағалы қағаздар" санатында тұрған және рейтингі жоқ, беймемлекеттік облигациялар, – 30 %-ға.

#### **4 тарау. ИНДЕКСТЕР ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ БАҒАЛАУ КОМИТЕТІНІҢ АЙРЫҚША ӨКІЛЕТТІЛІГІ**

*(Осы тараудың тақырыптамасы Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

40. Комитеттің пікірі бойынша, бағалау үшін қажетті мәліметтердің репрезентативсіздігі себебінен, осы Әдістеме бойынша бағалы қағаздарды әділетті бағаланбауы ықтимал жағдайларда, немесе осы Әдістемеге сәйкес анықталған бағалы қағаздардың нарықтық бағасы осы бағалы қағаздармен жасаған мәмілелерінің нақты бағаларынан және/немесе бағалы қағаздармен мәміле жасасуға өтінімдерден (еңсерілмейтін күштер жағдайлары пайда болуына, маркет-мейкердің өз міндетті баға белгілеулерін қолдауда бас тартуы немесе өзге себептерге байланысты) айтарлықтай айырмашылығы бар болса, сондай-ақ, бағалауға қажетті мәліметтердің жоқтығы немесе жетіспеушілігі салдарынан, бағалы қағаздар осы Әдістеме бойынша бағалана алмаған, бірақ Биржа үшін осы бағалы қағаздар бойынша нарықтық бағасын анықтау объективті қажеттілігі болған (Биржа алдында өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін Биржа өткізетін сауда-саттыққа қатысушылардың Биржа пайдасына бағалы қағаздарды оқшаулауы немесе репо нарығында, осы бағалы қағаздар репо операциясының заты ретінде қолданылатын, жаңа құралдарымен сауда-саттық ашылуы) жағдайларда, Комитет *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 27 қазанындағы және 27 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген)*:
  - 1) осы Әдістемеге сәйкес, бағалы қағаздардың кезектен тыс бағалауын жүзеге асыруға;
  - 2) осы Әдістемеді белгіленген, бағалы қағаздарды бағалау үшін қолданылатын параметрлердің тізімін өзгертуге;
  - 3) осы Әдістемеді белгіленген, бағалы қағаздардың бағалау тәртібінен ауытқып немесе бас тартып, бағалы қағаздарды дербес түрде бағалауға;
  - 4) Комитет пікірі бойынша бағалы қағазды әділетті бағалауға қажетті кез келген өзге шараларды қолдануға құқылы.
41. Комитет, осы Әдістеменің 40 тармағында белгіленген, Комитеттің айрықша өкілеттілігін қолданған кезде, оның отырыс хаттамаларында өкілеттілікті қолдану себептері мен осы өкілеттілікке сәйкес қолданған шаралары көрсетілуі тиіс.
42. Комитет қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың кезектен тыс бағалауын жүзеге асырғанда, осындай қайта бағалау нәтижесінде алынған нарықтық бағалары осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша келесі сауда-саттық күнінен бастап қолданыла бастайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.

